

**"Шиелі кентінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 49/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 63/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсанда № 7865 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7 тармағына сәйкес, Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шиелі кентінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 49/2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7066 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 6 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Шиелі кентінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 1 032 345,3 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 112 575 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 298 мың теңге;
  - трансферттер түсімдері – 919 472,3 мың теңге;
- 2) шығындар – 1 055 228,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 73 238,1 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттер – 73 238,1 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0;
  - қаржы активтерін сатып алу – 0;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 22 883,1 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 22 883,1 мың теңге;
  - қарыздар түсімі –73 238,1 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 22883,1 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Шиелі аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Шиелі аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Салқынбаев*

*Б. Сыздық*

Шиелі аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 4 желтоқсаны № 63/2  
шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 49/2  
шешіміне 1-қосымша

## Шиелі кентінің 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
1			1. Кірістер	1032345,3
			Салықтық түсімдер	112575
	01		Табыс салығы	20740
		2	Жеке табыс салығы	20740
	04		Меншікке салынатын салықтар	91810
		1	Мүлікке салынатын салықтар	4050
		3	Жер салығы	3760
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	84000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	25
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	25
2			Салықтық емес түсімдер	298

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	38
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	38
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	260
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	260
4			Трансферттер түсімі	919472,3
			Мемлекеттік басқарудың жоғары	

	02		тұрған органдарынан түсетін трансферттер	919472,3
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	919472,3
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	1055228,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	79005,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	79005,7
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	66005,7
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13000
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	689517,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	689517,6
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	237290,6
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	25901
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	426326

08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	50055
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50055
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	50055
12			Көлік және коммуникация	231646
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	231646
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	231646
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4,1
09			Өзге де	5 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 000
		040	"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	5 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	73238,1

		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	73238,1
			3. Таза бюджеттік кредит беру	73238,1
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -22883,1
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	( 22883,1
7			Қарыздар түсімі	73238,1
16			Қарыздарды өтеу	0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	22883,1
		1	Бюджет қаражатының қалдықтары	22883,1
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	22883,1